

Бекітемін: _____
«Санжық»
«Айша» бөбекжайы меңгерушісі:
Хайруллина С.А.

«Айша» бөбекжайы

Тақырыбы: «Білім күні»



«Еркемай» ортаңғы топ тәрбиешісі:

Айтқалиева.Т.А

2023жыл

Мақсаты: Балаларға Білім күні мерекесі туралы түсінік беру. Балабақшаға, тәрбиешіге, достарға деген сүйіспеншілік тудыру. Жаңа оқу жылына қуанышпен келу.

Көрнекіліктер: Қоңырау, сөмкелер, кітап, қарындаш, шарлар, "Білім күні" деген жазу, Қарлығаш қуыршағы.

Ертеңгілік барысы:

1. Кіріспе. "Балабақшамыз ашылды"

Көңілді музыка. Балалар шар ұстап кіреді.

Тәрбиеші:

Сәлеметсіңдер ме, балаларым!

Бүгін қандай ерекше күн? Дұрыс, 1 Қыркүйек - Білім күні!

Біздің сүйікті балабақшамыздың есігі қайта ашылды.

Қане, балабақшаға "Қош келдіңдер!" дейік!

Барлығы: "Қош келдіңдер!"

2. Қонақ келді: "Қарлығаш"

Тәрбиеші Қарлығаш қуыршағын шығарады.

Қарлығаш: Пиу-пиу! Сәлем балалар!

Мен жаз бойы ұшып келдім. Сендерді сағындым.

Сендер менімен ойнайсыңдар ма?

Балалар: Иә!

3. "Менің сөмкемде не бар?" Ойыны

Тәрбиеші сөмкені ашады.

Тәрбиеші:

Қарандаршы, бұл не? Кітап! Оқу үшін.

Бұл не? Қарындаш! Сурет салу үшін.

Бұл не? Доп! Ойнау үшін.

Балабақшада біз ойнаймыз, сурет саламыз, достасамыз.

Балалар: заттарды атайды: "кітап, қарындаш, доп".

4. Өлең: "Балабақша"

Барлығы тәрбиешімен бірге айтады, қимыл жасайды.

Балабақшам, балабақшам,
Екінші үйім менің.
Мұнда достар, ойыншықтар,
Күліп қарсы алады мені.

5. Сергіту сәті: "Қоңырау соғылды"

Тәрбиеші:

Балалар, тыңдандаршы! Дың-дон!

Бұл - бірінші қоңырау! Ол бізді ойынға шақырады.

Қане, бәріміз секіріп ойнайық!

Балалар қоңырау дыбысымен секіреді, қол шапалақтайды.

6. "Достық гүл шоғы"

Тәрбиеші:

Білім күніне әрқайсың бір гүл алыңдар.

Енді бәріміз бір үлкен букет жасайық.

Міне, біздің достық букетіміз! Біз біргеміз.

Балалар гүлдерді вазаға қояды.

Қорытынды. "Тәтті шашу"

Тәрбиеші:

Міне, балалар, жаңа оқу жылы басталды.

Сендер өте ақылды, тәртіпті балалар боласыңдар.

Білім күніңмен! Мына тәттіні алып, анаңа "Рахмет" де.

Шашу шашылады. Барлығы: "Білім күні құтты болсын!"



Анықтама

Өткен күні: 01.09.2023 жыл.

Тобы: «Еркемай» ортаңғы тобы

Мақсаты: Білім күні туралы түсінік беру. Оқып білуге деген ынтасын тәрбиелеу.

Балаларға Білім күні мерекесі туралы түсінік беру. Балабақшаға, тәрбиешіге, достарға деген сүйіспеншілік тудыру. Жаңа оқу жылына құлшыныспен келу. Оқуға, кітапқа, қарындашқа деген қызығушылықты ояту.

Көрнекіліктер: Қоңырау, сөмкелер, кітап, қарындаш, шарлар, "Білім күні" деген жазу, гүлдер.

Сабак барысы қысқаша:

1. Кіріспе. "Балдырғанмен амандасу" - Көңілді музыкамен балалар шар ұстап кірді.

Тәрбиеші: "Сәлеметсіңдер ме, балақайлар! Бүгін қандай әдемі күн? Дұрыс! Қарсы алыңыз – Білім күні!"

"Қош келдіңдер!" ойыны ойналды.

2. "Менің сөмкеде не бар?" Ойыны - Балалар сөмкенің ішінен: кітап, дәптер, қарындаш, өшіргіш алып көрсетті.

Тәрбиеші: "Бұлар не үшін? Дұрыс! Оқу үшін".

3. Ән: "Балдырған" - Балалар тәрбиешімен бірге ән айтып, қошемет жасады.

4. Сергіту сәті: "Қоңырау соғылды" - Балалар қоңыраудың дыбысына кимыл жасады.

5. "Достық гүл шоғы" - Әр бала гүл жапырағын алып, бір букет жасады. "Міне, біздің достық букетіміз! Біз біргеміз" деген қорытынды жасалды.

Қорытынды: "Міне, балалар, жаңа оқу жылы басталды. Сендер өте ақылды, тәртіпті баласыңдар. Білім күнімен!" деп тәрбиеші құттықтады.

Нәтижесі: Балалар 1 қыркүйек – Білім күні екенін түсінді. Балабақшаға қуанышпен келуге, оқу құралдарын сыйлауға, достыққа тәрбиеленді. "Кітап – білім бұлағы" деген ұғымды меңгерді. Мереке салтанатты, көтеріңкі көңіл-күйде өтті. Сабак мақсатына толық жетті.

Қатысушылар саны: 10

Қатысқан тәрбиешілер саны: 2

Инстаграм желісі:

https://www.instagram.com/p/CxNEcAXMHQC/?img_index=1&igsh=MWlxemU4bXFxeWs0dQ==